

ӘОЖ 159.9.072

ГТАМР 15.31.31

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.79.4.042>

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛАУ

*Баймахова А.Ш.¹, Көшербаева А.Н.², Ахметова Э.К.³

*^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

³Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын педагогикалық-психологиялық диагностикалау жүзеге асырылды. Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын диагностикалау бойынша ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасалды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар бірнеше бағытта жүргізілді: бірінші бағыт - агрессивті мінез-құлықты жасөспірімдермен жұмыс; Екінші бағыт - агрессивті мінез-құлық танытатын жасөспірімдердің ата-аналарымен педагогикалық жұмыс; Үшінші бағыт - мектеп педагогтарымен жұмыс.

Зерттеу жұмысының бағыты бойынша статистикалық деректер өңделді. Бақылау, әңгімелесу, сұрақ-жауап, анкета және педагогикалық жағдаяттарды тәжірибеге ала отырып зерттеу жұмыстары жалпы білім беретін мектеп базасында 44 жасөспірім, 20 ата-ана және 10 педагогпен жүргізілді.

Зерттеу жұмысының мақсаты – жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын анықтаудың психологиялық және педагогикалық диагностика әдістерін талдау және олардың тиімділігін бағалау.

Зерттеу мақсатына сәйкес, жасөспірім жасындағы балалармен, олардың ата-аналарымен және мектеп педагогтарымен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізіліп, нәтижелері көрсетілді. Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын түзетуді диагностикалау мақсатында авторлық психологиялық әдістемелер, агрессивті мінез-құлықтың әртүрлі формаларын көрсететін жасөспірімнің жеке дамуының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларының картасы қолданылып, жалпы білім беретін мектептерде жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқы формаларының көріну жиілігі, оның деңгейлері анықталды. Жасөспірімдердің мұғалімдер туралы пікірлері айқындалып, оның агрессияға әсер етуі бағаланды. Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы агрессивті көріністерді бақылау үшін агрессияның көріністерін мақсатты бақылаудың үлгілік схемасы қолданылды. Бұл патологиялық мінез-құлықтағы агрессивті реакциялардың қалыптасу тенденциясы туралы болжам жасауға және агрессивтілік деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын және оны жалпы білім беретін мектептердің іс-тәжірибесінде жүзеге асырудың педагогикалық

жағдайларын түзету бойынша мектеп мұғалімдері мен ата-аналардың бірлескен іс-әрекет моделінің тиімділігін бағалап және эксперименталды түрде тексеріп, агрессивті мінез-құлықты алдын алу және түзетуге арналған практикалық ұсыныстар берілді.

Тірек сөздер: жасөспірім, агрессия, мектеп, диагностика, қарым-қатынас, мінез-құлық, агрессивті мінез-құлық, отбасы

Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде жасөспірімдердің тұлғалық дамуы мен мінез-құлық ерекшеліктерін зерделеу өзекті ғылыми және практикалық мәселе болып отыр. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, отбасылық тәрбиедегі мәселелер, мектеп ортасындағы қатынастар, білім саласындағы реформалар және әлеуметтік желілердің әсері жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайына және жағымсыз мінез-құлықтарының туындауына ықпал етуде. Мұндай жағымсыз факторлар – жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлықтарының пайда болуы мен дамуын сипаттайды. Кәмелет жасына толмаған жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқының алдын-алу және оны түзетуді жүзеге асыру еліміздің барлық білім беру мен тәрбие институттарына және қоғамдық ұйымдарға үлкен міндет жүктейді.

Агрессия - бұл көптеген детерминанттары бар және бірнеше мақсаттарға қызмет ететін күрделі құбылыс. Ол агрессивті мінез-құлықтың ауыр түрлерінің болжаушысы болып табылады. Агрессия «объектіге зиян келтіргісі келетін басқа адамға бағытталған кез келген мінез-құлықты», соның ішінде физикалық агрессияны, ауызша агрессияны және реляциялық агрессияны білдіреді. Бұл жасөспірімнің әлеуметтік бейімделуіне, тұлғалық дамуына, сондай-ақ жалпы оқу-тәрбие процесінің тиімділігіне кері әсерін тигізеді [1].

Агрессияны тек бақылап, тіркеу жеткіліксіз – оны дер кезінде педагогикалық-психологиялық тұрғыдан диагностикалау қажет. Оның нақты себебін анықтау, баланың болашақ даму траекториясын дұрыс бағыттауға мүмкіндік береді.

Агрессивті мінез-құлық – ішкі күйзелістің, түсінбеушіліктің немесе әлеуметтік бейімделудің қиындығынан туындайтын мінез-құлықтық реакция қоршаған ортаға бағытталған деструктивті әрекеттердің көрінісі. Ол вербалды (сөз арқылы), физикалық (қол жұмсау), жанама (сырттай әңгімелеу, өсек, теріс әрекеттер арқылы) және ішкі (тыйым салынған ашу, ыза) формада байқалуы мүмкін. Әлеуметтік нормаларды бұзу және деструктивті мінез-құлықтың басқаларға ықтимал зиянды екенін біле тұра осы әрекеттерге барады.

Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқы – бұл жасөспірім кезеңінде кездесетін, сыртқы ортаға немесе кейде өзіне бағытталған теріс және зиянды іс-әрекеттер мен эмоциялық көріністердің жиынтығы.

Жасөспірімдерде болатын агрессивті мінез-құлық көптеген жағымсыз әсерлермен байланысты, соның ішінде үлгерімсіздік, әлеуметтік қиындықтар, психикалық денсаулық мәселелері және жауапкершілікке тарту қаупінің жоғарылауы. Бүгінде агрессияның дамуына кедергі келтіретін негізгі факторларды түсіну, алдын алу және ерте араласу стратегияларын әзірлеу өте маңызды. Алайда, агрессия оқшауланбайды, ол жеке қасиеттердің, отбасы динамикасының, әлеуметтік қатынастардың және қоршаған орта факторларының көп қырлы өзара әрекеттесуін көрсетеді [2].

Орта білім беру жүйесінде оқушылардың психологиялық салауаттылығын сақтауға және нығайтуға, оқыту процесінде жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, олардың дамуын әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуде психологиялық қызметтің мақсаты – білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы тандауды қалыптастыруды жүйелі ұйымдастыру. Сонымен қатар, оқыту процесінде білім алушылардың даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу, деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алу мен түзету-дамыту болып табылады [3].

Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын диагностикалау күрделі, бірақ маңызды үдеріс. Ол жеке тәсілді, кешенді диагностикалық әдістерді, ата-аналармен және мұғалімдермен тығыз байланысты талап етеді. Осы бойынша бірнеше ғалымдардың тұжырымдамаларына тоқталсақ (1-кесте).

Кесте 1. «Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын диагностикалау» бойынша талдау

№	Авторлар. Әдебиет атауы	Мазмұны
1	Басс А., Дарки А. – «Агрессияны өлшеу әдістемесі» [4].	Басс–Дарки сауалнамасы агрессияның негізгі түрлерін (вербальды агрессия, тітіркену, негативизм, реніш, күдікшілдік, вербальды агрессия, ішкі агрессия, сезімталдық) өлшеуге мүмкіндік береді.
2	Эрик Эриксон – «Балалық шақ және қоғам» [5].	Жасөспірім кезеңіндегі тұлғалық дағдарыс: рөлдік сәйкестік пен өзіндік бағалаудың қалыптасуы
3	Карвасарский Б.Д. – «Клиникалық психология» [6].	Агрессияны диагностикалауда қолданылатын тесттер: Люшер тесті – жасөспірімнің эмоционалды күйін анықтауға көмектеседі. Розенцвейгтің фрустрацияға реакция тесті агрессивті жауап түрін көрсетеді.

4	Немов Р.С. – «Психодиагностика» [7].	Мектепте түзету жұмысы жеке-бағытталған болуы керек. Оған арт-терапия, психодрама, топтық тренингтер, ойын арқылы түзету, медиация әдістері кіреді.
5	Жарықбаев Қ., Рахымбекова С. – «Жас ерекшелік психологиясы» [8].	Жасөспірімдер психологиясы мен тәрбиесінде агрессия мәселесін ұлттық контексте қарастырған.
6	Петровский А.В. – «Жасөспірім психологиясы» [9].	Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы өзгерістер, себептер мен диагностика жолдары

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының бағыты бойынша ғылыми әдебиеттерге талдау жасалып, статистикалық деректер өңделді. Бақылау, әңгімелесу, сұрақ-жауап, анкета және педагогикалық жағдаяттарды тәжірибеге ала отырып зерттеу жұмыстары жүргізілді. Экспериментке жалпы білім беретін мектеп оқушыларынан 44 жасөспірім, 20 ата-ана және 10 педагог қатысты.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар бірнеше бағытта жүргізілді:

Зерттеу мақсатымызға сәйкес, бірінші бағыт - агрессивті мінез-құлықты жасөспірімдермен жұмыс. Бұл кезеңде жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын түзетуді диагностикалау мақсатында авторлық психологиялық әдістемелер, «Агрессивті мінез-құлықтың әртүрлі формаларын көрсететін жасөспірімнің жеке дамуының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларының картасы» қолданылды. Бұл карта арқылы зерттеуге алынған жасөспірімдер туралы жалпы мәліметтер, жүйке жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктері туралы мәліметтер, оқу үлгерімі, отбасы және ондағы қарым-қатынас туралы мәліметтер, баланың мінез-құлқындағы жеке қасиеттердің көрінісі, қызығушылықтары, адамдарға деген көзқарас, өзіне деген көзқарас, ерік-жігер қасиеттері, баланың балалар ұжымындағы жағдайы анықталды.

Екінші бағыт - агрессивті мінез-құлық танытатын жасөспірімдердің ата-аналарымен диагностикалық жұмыс. Мұндағы мақсат – отбасылық тәрбие түрін, ата-аналардың балаларына және баланың отбасына деген көзқарасы мен қарым қатынасын диагностикалау.

Үшінші бағыт - мектеп педагогтарымен жұмыс: Мектептерде жүргізген педагогикалық-психологиялық диагностика (анонимді сауалнаманың көмегімен). Ол жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын зерттеуде мектеп мұғалімдері және ата-аналардың әсері мен көзқарастарын анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер

Жасөспірімдермен, мұғалімдермен және ата-аналарымен жүргізілген авторлық сауалнама арқылы «Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқы формаларының көріну жиілігі» анықталды (2-кесте).

Кесте 2. Жалпы білім беретін мектептерде жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқы формаларының көріну жиілігі


Агрессия түрлері	Агрессияның көріну формалары	Мұғалімдер			Ата-аналар			Жасөспірімдер		
		жиі	кей-де	сирек	жиі	кей-де	сирек	жиі	кей-де	сирек
Тікелей вербальды агрессия	Жанжал	+			+			+		
	Жылау		+			+		+		
	Сықырлау		+			+			+	
	Қарғыс		+			+		+		
	Ант беру	+			+			+		
	Атау	+				+		+		
	Қоғамдық қорлау	+				+			+	
	Билікті көрсету		+			+			+	
	Ашық қауіптер	+			+				+	
	Адамның өзіне деген сенімділігін, оның құзыреттілігін, өзін-өзі бағалауын әдейі төмендету		+			+			+	
Жанама вербальды агрессия	Мәлімдемелер «Өзіңмен» немесе айналма жолмен басқа адамға бағытталған жаман әзілдер, өсек	+			+			+		
	Жасырын қорқыту		+		+			+		
	Шамадан тыс жауапкершілік қолдау көрсетпестен және соның салдарынан сәтсіздіктер үшін зұлымдық қуаныш		+			+			+	
Тікелей физикалық агрессия	Басқа адамдарды ұрып-соғудың жекелеген жағдайлары		+			+			+	
	Жануарларды ұру		+			+		+		
	Төбелес	+			+			+		
	Агрессивті ойындар	+			+			+		
Жанама физикалық агрессия	Өз жұмысыңызды жою		+		+				+	
	Тұтқаларды тістеу		+			+		+		
	Кітаптардың бүлінуі		+			+		+		
	Үстелдегі суреттер	+				+			+	
	Есікті тарсылдату	+				+		+		
	Өр түрлі заттарды тебу	+				+		+		
	Қандай да бір себептермен соққылар	+				+		+		
	Мектеп айналасындағы жабдықтардың бұзылуы		+			+			+	
	Мектеп мүлкінің бүлінуі		+			+			+	

Диагностика нәтижелері көрсеткендей, жасөспірімдердің әртүрлі көріністердегі физикалық (тікелей және жанама), вербалды (тікелей және жанама) сияқты агрессияның көріністерін және мұғалімдер мен ата-аналарда олардың агрессивті мінез-құлқын сипаттауға тырысты. Жасөспірімдердің мінез-құлқының бұзылуының өсу тенденциясы айқын көрінеді.

Көрсеткіш нәтижесінде жасөспірімдердің мінез-құлқындағы агрессивті көріністердің деңгейлері келесідей айқындалды (3-кесте).

Кесте 3. Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы агрессивті көріністердің деңгейлері

Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы агрессивті көрініс деңгейлері		
Жоғары	Орта	Төмен
21,3%	37,9%	40,8%



Сурет 1 - Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы агрессивті көрініс деңгейлері

Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы агрессивті көріністерді бақылау үшін агрессияның көріністерін мақсатты бақылаудың үлгілік схемасы қолданылды. Бұл патологиялық мінез-құлықтағы агрессивті реакциялардың қалыптасу тенденциясы туралы болжам жасауға және агрессивтілік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы жасөспірімдердің бойындағы агрессивтіліктің көрсеткіштері:

- агрессивтіліктің вегетативті белгілері мен сыртқы көріністері; тітіркену, ашулану күйінен шығу ұзақтығы;
- ересек адамның көмегіне сезімталдық;
- агрессияның өзіндік көріністеріне деген көзқарас;
- адамгершілік сезімдердің көрінісіндегі жеткіліксіздік;
- жаңа ортаға және шектеулерге реакциясы;
- реактивтілік, басқалардың агрессиясына сезімталдық;

- басқалардың қатысуымен агрессияның көрінісі;
- тақырыпқа бағытталған физикалық агрессияның көрінісі;
- басқа балаларға бағытталған агрессияның көрінісі анықталды.

Осы әдіс арқылы зерттеуге алынған жасөспірімдердің бойындағы агрессивті мінез-құлық көрсеткіштері диагностикаланып, нәтижесі мынадай болды.

Мәселен, зерттеуге қатысқан жасөспірімдердің *21,3%-ы жоғары деңгейді*: агрессивті мінез-құлық белгілі бір жағдаяттарда жеке патологиялық мінез ретінде көрініс бермейтіндігі және олар өздерінің агрессивтілігін өзбетінше игере алатындығын көрсетсе, *37,9%-ы орта деңгейді*: агрессивті реакцияларды патологиялық мінез ретінде көрінеді және олар өздерінің деструктивті мінез-құлқын игеруге көмек қажет ететіндігі байқатты, ал *40,8-ы төмен деңгейді*: мінез-құлық пен эмоцияларының бұзылуы ретінде агрессивтіліктің көрінісі – жасөспірімдердің мінез-құлқын патологиялық деп сипаттайды және оған психологиялық-педагогикалық көмек көрсету қажеттілігі анықталды.

Жасөспірімдердің мұғалімдер туралы пікірі – білім беру процесіндегі психологиялық-педагогикалық қарым-қатынастың маңызды аспектісі. Ол оқушының бейімделуіне, оқу мотивациясына, тәртібіне және тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан, мектеп оқушыларының мұғаліммен қарым-қатынасын анықтай отырып, олардың агрессивті мінез-құлқын диагностикалау да маңызды болып табылады (4-кесте).

Кесте 4. «Жасөспірімдердің мұғалімдер туралы пікірлері» сауалнамасының нәтижелері

№	Пікірді тұжырымдау	%
	Бізді түсінуге тырыспайды	76,5
	Өте қатал және талапшыл	54,7
	Бізді мазалайды	52,3
	Оқушыны бағалауда әділетсіз	52,7
	Мағынасыз тыйымдар ойлап табады	45,4
	Әр түрлі себептермен жазалайды	44,6
	Бізді келемеждейді	25,9
	Көбінесе сабақтар өте тартымсыз және қызықсыз	37,8
	Бүкіл сыныпты қорлау	32,3
	Өз пікіріңізге жол бермеу	24,9
	Таңдалған оқушыларды ажырату	23,9
	Оқушылардың істеріне араласу	18,9
	Жағымсыз бұйрықтар беру	9,8
	Оқушыларға көмектесуге тырысу	16,8
	Достық	15,4
	Кейбіреулер оқушыларды түсінуге тырысады	15,6
	Сіз оларға сене аласыз	8,7
	Әділ	8,5
	Оқушылардың жақсы жақтарын байқау	5,8

Кестедегі деректерден көрініп отырғандай, жасөспірімдердің мұғалімдерге берген пікірлерінде жағымсыз көзқарастың басым пайызын байқауға болады. Респонденттердің көпшілігі мұғалімдердің оларды түсінуге тырыспайтынын, өте қатал және талапшыл, бағалауда әділетсіз, көп мазалау және т.б. осы сияқты теріс бағалауға басымдық беріп отыр. Керісінше, көмектесуге тырысу, достық, әділдік, сенім білдіру сияқты жағымды пікірлердің пайыздық көрсеткіші төмен.

Зерттеу барысындағы сандық және сапалық зерттеулердің, диагностикалық жұмыстың нәтижелері бізге отбасылық тәрбие, балалар мен педагогтардың және ата-аналар қарым-қатынасы жүйесіндегі мүмкін болатын қолайсыздықтар туралы ақпарат алуға, сонымен қатар отбасылық қатынастардың теңгерімсіздігі, отбасылардағы болуы мүмкін проблемалардың ауқымын анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, жасөспірімдердің ата-аналарымен диагностикалық жұмыста кейбір жағымсыз тенденциялар да анықталды.

Талқылау

Жасөспірімдік шақ - бұл ересектерге қарағанда қылмыстық немесе басқа да зорлық-зомбылық әрекеттерге бару ықтималдығы жоғары қауіпті мінез-құлықпен бірге жүретін даму кезеңі. Ерте жасөспірімдік кезең, әсіресе орта мектеп жасымен сипатталатын, осы тәуекелдермен байланысты теріс ұзақ мерзімді нәтижелермен, соның ішінде агрессивті әрекеттердің жоғарылауымен байланысты болды. Бұл қауіп пен қорғаныс факторлары жасөспірім кезіндегі ұлдар мен қыздарға әртүрлі әсер етеді. Көбінесе ұлдар ашық физикалық агрессияны, ал қыздар жанама реляциялық агрессивті әрекеттерді және ауызша агрессивті мінез-құлықты көрсетеді деп болжанады [9,10].

А. Адлердің көзқарасы бойынша, кез келген қарсы мәжбүрлеуге жауап ретінде туындайтын агрессия — бұл адамның мәжбүрлеуге берген табиғи, саналы немесе бейсаналы реакциясы. Мұндай реакция әрбір тұлғаның өзін субъект ретінде сезінуге деген ұмтылысынан туындайды, яғни адам өзінің еркіндігін сақтағысы келеді және басқаның билігінде болудан бас тартады [11]. Осы себептен де жасөспірім жасындағы балаларда мұғалімдермен және ата-аналармен қарым қатынас барысында келіспеушіліктер орын алып, соңы балалардың агрессивті мінез құлық көріністерін тудыруы мүмкін.

Агрессивті мінез-құлықтың пайда болуы әлеуметтік медидағы экран уақыты мен мазмұнына байланысты ұсынылатын цифрлық платформаның түріне байланысты екенін көрсетеді және жас цифрлық медиа пайдаланушыларды қорғауға бағытталған саясатты әзірлеу қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар, агрессия жасөспірімде сыртқы фактордың көбірек қолдау көрсетпейтін әлеуметтенуімен және ата-аналардың эмоцияналды қолдамауынан болады [12].

Жасөспірімдерде виктимді мінез-құлықтың пайда болуының әлеуметтік-психологиялық факторларын талдау барысында отбасы қатынастарының жасөспірімдердің мінез-құлқына әсері қарастырылған. Отбасының эмоционалдық қолдауы мен әлеуметтік динамикасы жасөспірімдердің психологиялық дамуына, өзін-өзі бағалауына және әлеуметтік қарым-қатынасына терең әсер етеді [13].

Орта білім беру жүйесінде 2018 жылдан бастап ата-аналар мен ұйымдар арасында олардың құқықтары мен міндеттерін регламенттеу мақсатында міндетті шарттар жасасу енгізілді. Сонымен қатар қолайлы мектеп ортасын қалыптастыруда сынып жетекшісі және мектеп психологы бірлесіп жұмыстар атқарады. Сынып жетекшілеріне негізінен ұйымдастырушылық-үйлестіру, коммуникативті және бақылау функциялары жүктелген. Алайда жүктелген функциялар мен міндеттердің кең спектрі білім беру қызметін тиімді орындауға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, қазіргі қоғамдағы проблемалар жасөспірімдердің психологиялық әл-ауқатына теріс әсер етеді. Осыған орай, отбасы институтының дағдарысы үлкен алаңдаушылық тудыруда [14].

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, агрессивті балалар шыққан отбасыларда отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қарым-қатынастың өзіндік ерекшеліктері болады. Мұндай үрдістерді психологтар «зорлық-зомбылық циклі» деп сипаттайды. Балалар ата-аналары бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасаса, сол үлгіні қайталауға бейім болады. Жасөспірімдер аға-іні, әпке-сіңлілерімен қарым-қатынасты анықтау кезінде ата-аналарының жанжалдарды шешу тәсілін көшіреді. Балалар есейіп, өз отбасыларын құрғанда, олар бұрыннан үйренген жанжалды шешу тәсілдерін қолданады және бұл тәсілдерді өз балаларына тәртіп орнату стилі арқылы беріп, сол циклді жалғастырады.

Осындай үрдістер адамның ішкі дүниесінде де байқалады (спираль принципі бойынша). Зерттеулер дәлелдегендей, балаға қатыгездік көрсету оның құрдастарымен қарым-қатынасында агрессивтіліктің артуына ғана емес, сонымен қатар есейгенде зорлыққа бейімділіктің қалыптасуына ықпал етеді. Бұл жағдай физикалық агрессияны адамның өмірлік стиліне айналдырады [15].

Қорытынды

Бүгінгі қоғамда агрессивті мінез-құлық көрсететін жасөспірімдер жиі кездесуі қалыпты құбылыс болып отыр. Бұл өте күрделі, әрі өзекті мәселе. Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқы тақырыбындағы психологиялық-педагогикалық білімді, зерттеудің өзіндік нәтижелерін, сондай-ақ педагогикалық іс-әрекеттің қол жетімді технологиялық ұсыныстарын қолдана отырып, жалпы орта білім беретін мектептердегі жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын түзету үшін мектеп мұғалімдері

мен ата-аналардың бірлескен іс-әрекет бағдарламасын әзірлеуге және енгізуге болады. Осындай бағдарламаны әзірлеуге кірісе отырып, біз оны көптеген орта білім беру мекемелерінде жүзеге асырылатын «Оқу-тәрбие жүйесінде жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын түзету» атты авторлық бағдарламаны құрудың басты мақсаты ретінде анықтадық.

Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын алдын алу және түзетуге арналған практикалық ұсыныстар:

- *Қарым-қатынас мәдениетін дамыту.* Сабақтарда және сыныптан тыс уақытта сенімді, ашық, сыйластыққа негізделген орта қалыптастыру;

- *Агрессияны байқау және ерте анықтау.* Жасөспірімнің агрессия белгілерін (қатқыл сөз, мимика, ым, бас тарту, оқшаулану) бақылап, уақытында психологқа бағыттау;

- *Эмоцияны басқаруға үйрету.* Сабақ барысында стресс, ашу сияқты эмоцияларды бейбіт жолмен шешудің жолдарын үйрету (тренинг, рөлдік ойындар);

- *Қақтығыстарды шешу тәсілдерін үйрету.* Медиация элементтері, диалог жүргізу дағдылары, «Мен-пікірін» айту әдісі;

- *Позитивті мінез-құлықты мадақтау.* Агрессиясыз жолмен жетістікке жеткен оқушыларды жария мадақтау – басқаларға үлгі болады;

- *Кешенді қолдау көрсету.* Мектеп психологы, әлеуметтік педагог, ата-аналармен бірлесіп жұмыс жүргізу;

- *Арт-терапия, өнер, спорт секцияларына қатысу.* Энергияны дұрыс арнаға бағыттайтын шығармашылық немесе дене белсенділігіне тарту.

ӘДЕБИЕТ

[1] Shuang Lin and et.al. Predicting adolescent aggressive behavior from community violence exposure, deviant peer affiliation and school engagement: one-year longitudinal study. //Children and Youth Services Review. – 2020. Volume 111. Access mode: <https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2020.104840> [Review date 04.09.2025]

[2] Tam Nguyen-Louie, Michael J. McCarthy, Emil F. Coccaro, Alejandro D. Meruelo Integrative analysis of psychosocial, chronotype, and environmental predictors of aggressive behavior in Adolescents: Insights from machine learning. //Journal of Psychiatric Research. – 2025. – Volume 189. – Pages 91-103.

[3] «ҚР орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу Ережесі» 25.08.2022 ж., № 377 бұйрық - Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029288> [Қаралған күні 01.10.2025]

[4] Басс А., Дарки А. Измерение агрессии как предрасположенности. Психология агрессии. — М.: Питер, 2001.

[5] Эриксон Э. Детство и общество. — СПб.: Лениздат, 1996. – 258 с.

[6] Карвасарский Б.Д. Клиническая психология. — СПб.: Питер, 2001.

[7] Немов Р.С. Психология. Кн.3. Психодиагностика. — М.: Владос, 2001.

- [8] Жарықбаев Қ., Рахымбекова С. Жас ерекшелік психологиясы. — Алматы: Қазақ университеті, 2004.
- [9] Nadine M. Finigan-Carr, Laurie M. Graham. Aggressive behaviors in urban African American early adolescent girls: A systematic review of the literature. //Children and Youth Services Review. – 2024. Volume 158. Access mode: <https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2024.107450> [Review date 07.10.2025]
- [10] Jasmina Wallace, Elroy Boers, Julien Ouellet, Patricia Conrod. A Population-Based Analysis of the Temporal Association of Screen Time and Aggressive Behaviors in Adolescents. //JAACAP Open. – 2023. Volume 1. Access mode: <https://doi.org/10.1016/j.jaacop.2023.08.002> [Review date 14.10.2025]
- [11] Можгинский Ю.Б. Агрессия подростков: эмоциональный и кризисный механизм. – СПб, 1999. – С. 38 – 39.
- [12] Sara Franklin-Gillette, Janice Zeman, Sarah K. Aggressive behavior and the socialization and regulation of anger in early adolescent friendships. // Mental Health & Prevention. – 2023. Volume 30. Access mode: <https://doi.org/10.1016/j.mhp.2023.200286> [Review date 10.09.2025]
- [13] Мурзагулова М.Д. Жасөспірімдерде виктимді мінез-құлықтың пайда болуына отбасының әсері. //Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ Хабаршысы “Педагогика ғылымдары” сериясы. – 2025. – 1 (76). 515-532 бб.
- [14] Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 2004.
- [15] Берковиц Л. Агрессия: причины, последствия и контроль. - Москва, 2002. – 510 с.

REFERENCES

- [1] Shuang Lin and et.al. Predicting adolescent aggressive behavior from community violence exposure, deviant peer affiliation and school engagement: one-year longitudinal study. //Children and Youth Services Review. – 2020. Volume 111. Access mode: <https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2020.104840> [Review date 04.09.2025]
- [2] Tam Nguyen-Louie, Michael J. McCarthy, Emil F. Coccaro, Alejandro D. Meruelo Integrative analysis of psychosocial, chronotype, and environmental predictors of aggressive behavior in Adolescents: Insights from machine learning. //Journal of Psychiatric Research. – 2025. – Volume 189. – Pages 91-103.
- [3] «QR орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу Ережесі» 25.08.2022 ж., № 377 бұйрық. (Rules for the functioning of the psychological service in secondary education organizations of the Republic of Kazakhstan) - Кіру режімі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029288> [Qaralған күні 01.10.2025]. [in Kaz]
- [4] Bass A., Darki A. Измерение агрессии как предрасположенности (Measuring aggression as a predisposition). — М.: Питер, 2001. [in Rus]
- [5] Erikson E. Detstvo i obşestvo (Childhood and society). — SPb.: Lenizdat, 1996. – 258 s. [in Rus]
- [6] Karvasarski B.D. Klinicheskaia psihologia (Clinical psychology) — SPb.: Piter, 2001. [in Rus]

[7] Nemov R.S. Psihologia (Psychology). Kn.3. Psihodiagnostika. — M.: Vldos, 2001. [in Rus]

[8] Jaryqbaev Q., Rahymbekova S. Jas erekşelik psihologiasy (Age psychology). — Almaty: Qazaq universiteti, 2004. [in Kaz]

[9] Nadine M. Finigan-Carr, Laurie M. Graham. Aggressive behaviors in urban African American early adolescent girls: A systematic review of the literature. //Children and Youth Services Review. – 2024. Volume 158. Access mode: <https://doi.org/10.1016/j.chilyouth.2024.107450> [Review date 07.10.2025]

[10] Jasmina Wallace, Elroy Boers, Julien Ouellet, Patricia Conrod. A Population-Based Analysis of the Temporal Association of Screen Time and Aggressive Behaviors in Adolescents. //JAACAP Open. – 2023. Volume 1. Access mode: <https://doi.org/10.1016/j.jaacop.2023.08.002> [Review date 14.10.2025]

[11] Mojginski İu.B. Agresia podrostkov: emosionälnyi i krizisnyi mehanizm (Adolescent aggression: an emotional and crisis mechanism). – SPb, 1999. – S. 38 – 39. [in Rus]

[12] Sara Franklin-Gillette, Janice Zeman, Sarah K. Aggressive behavior and the socialization and regulation of anger in early adolescent friendships. // Mental Health & Prevention. – 2023. Volume 30. Access mode: <https://doi.org/10.1016/j.mhp.2023.200286> [Review date 10.09.2025]

[13] Murzagulova M.D. Jasöspirimderde viktimdı minez-qülyqtyñ paida boluyna otbasynyñ äseri (The influence of the family on the appearance of victimized behavior in adolescents). //Abylai han atyndağy QazHҚjÄTU Habarşysy “Pedagogika ğylymdary” seriasy. – 2025. – 1 (76). 515-532 bb. [in Kaz]

[14] Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusiasy (Constitution Of The Republic Of Kazakhstan). – Almaty, 2004. [in Kaz]

[15] Berkovis L. Agresia: prichiny, posledstvia i kontrol (Aggression: causes, consequences, and controls). - Moskva, 2002. – 510 s. [in Rus]

ПЕДАГОГИКО-ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ДИАГНОСТИКА АГРЕССИВНОГО ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКОВ

*Баймахова А.Ш.¹, Көшербаева А.Н.², Ахметова Э.К.³

*^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

³Южно-Казахстанский педагогический университет имени Ө. Жәнібекова,
Шымкент, Казахстан

Аннотация. В данной статье осуществлена педагогико-психологическая диагностика агрессивного поведения подростков с помощью опытно-экспериментальной работы. Проведен анализ исследований ученых по диагностике агрессивного поведения подростков. Опытно-экспериментальная работа проводилась по нескольким направлениям: Первое направление-работа с подростками агрессивного поведения; второе направление - диагностическая работа с родителями

подростков, проявляющих агрессивное поведение; третье направление- работа с педагогами школы.

Обработаны статистические данные по направлению исследовательской работы. Контроль, беседа, вопросы и ответы, анкетирование и исследование педагогических ситуаций на практике проводились на базе общеобразовательной школы с 44 подростками, 20 родителями и 10 педагогами.

Целью исследовательской работы является анализ методов психолого – педагогической диагностики выявления агрессивного поведения подростков и оценка их эффективности.

В соответствии с целью исследования была проведена опытно-экспериментальная работа с детьми подросткового возраста, их родителями и педагогами школы, продемонстрированы результаты. С целью диагностики коррекции агрессивного поведения подростков применялись авторские психологические методики, карта психолого-педагогических характеристик личностного развития подростка, отражающая различные формы агрессивного поведения, определялась частота проявления форм агрессивного поведения подростков в общеобразовательных школах, ее уровни. Были определены мнения подростков об учителях и оценено их влияние на агрессию. Для контроля агрессивных проявлений в поведении подростков использовалась примерная схема целенаправленного контроля проявлений агрессии. Это позволило сделать предположение о тенденции формирования агрессивных реакций в патологическом поведении и определить уровень агрессивности. Даны практические рекомендации по профилактике и коррекции агрессивного поведения подростков и педагогических условий его реализации в практике общеобразовательных школ с оценкой и экспериментальной проверкой эффективности модели совместной деятельности педагогов школы и родителей.

Ключевые слова: подростковый возраст, агрессия, школа, диагностика, общение, поведение, агрессивное поведение, семья

PEDAGOGY-PSYCHOLOGICAL DIAGNOSTICS OF AGGRESSIVE BEHAVIOR OF ADOLESCENTS

*Baimakhova A.¹, Kosherbaeva A.N.², Akhmetova E.³

*^{1,2}Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

³South Kazakhstan Pedagogical University named after U. Zhanibekov,
Shymkent, Kazakhstan

Abstract. In this article, pedagogical and psychological diagnostics of aggressive behavior of adolescents is carried out using experimental work. The analysis of research conducted by scientists on the diagnosis of aggressive behavior in adolescents. The experimental work was carried out in several directions: The first direction is work with teenagers of aggressive behavior; the second direction is diagnostic work with parents of teenagers showing aggressive

behavior; the third direction is work with school teachers.

Statistical data on the research area has been processed. Control, conversation, questions and answers, questionnaires and a study of pedagogical situations in practice were conducted on the basis of a comprehensive school with 44 teenagers, 20 parents and 10 teachers.

The purpose of the research is to analyze the methods of psychological and pedagogical diagnostics of the identification of aggressive behavior of adolescents and to evaluate their effectiveness.

In accordance with the purpose of the study, experimental work was conducted with adolescent children, their parents and school teachers, and the results were demonstrated. In order to diagnose the correction of aggressive behavior of adolescents, the author's psychological techniques were used, a map of the psychological and pedagogical characteristics of adolescent personal development reflecting various forms of aggressive behavior, the frequency of manifestation of forms of aggressive behavior of adolescents in secondary schools, and its levels were determined. The opinions of teenagers about teachers were determined and their influence on aggression was assessed. To control aggressive manifestations in the behavior of adolescents, an approximate scheme of targeted control of aggression was used. This allowed us to make an assumption about the tendency of aggressive reactions in pathological behavior and determine the level of aggressiveness. Practical recommendations are given on the prevention and correction of aggressive behavior of adolescents and the pedagogical conditions of its implementation in the practice of secondary schools with an assessment and experimental verification of the effectiveness of the model of joint activity of school teachers and parents.

Key words: adolescence, aggression, school, diagnosis, communication, behavior, aggressive behavior, family

*Мақала түсті / Статъя поступила / Received: 11.06.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.12.2025.*

Авторлар туралы мәлімет:

Баймахова А.Ш. – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, e-mail: aknur.bajmaxova@mail.ru

Кошербаева А.Н. - Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті,

Ахметова Э.К. - PhD, аға оқытушы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, e-mail: elmira_k_akhmetova@mail.ru

Информация об авторах:

Баймахова А.Ш. – PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, e-mail: aknur.bajmaxova@mail.ru

Кошербаева А.Н. - д.п.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, aigera63@mail.ru

Ахметова Э.К. - PhD, старший преподаватель, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, e-mail: elmira_k_akhmetova@mail.ru

Information about the authors:

Baimakhova A. - PhD Student, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, e-mail: aknur.bajmaxova@mail.ru

Kosherbaeva A.N. - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor. Kazakh National Pedagogical University named after Abai, aigera63@mail.ru

Akhmetova E.K. - PhD, senior lecturer, South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov, e-mail: elmira_k_akhmetova@mail.ru